"ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК ГОРОДА ШЫМКЕНТ"

БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2019 жыл

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 75-М/Қ

город Шымкент

«Шымкент қаласында №3 автоматты газ-реттегіш станция орната отырып бөлінген жер учаскесінің магистральды газ құбырын және ШГРП мен БГП орната отырып тартылатын газ құбырын салу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу, конкурстық құжаттаманы бекіту, конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссия хатшысын бекіту туралы» 26.07.2019 жылғы №49-н/қ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 04желтоқсандағы №434-V Заңының 7-бабы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 5 тарауының 1, 2, 3, 4 параграфтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шымкент қаласында №3 автоматты газ-реттегіш станция орната отырып бөлінген жер учаскесінің магистральды газ құбырын және ШГРП мен БГП орната отырып тартылатын газ құбырын салу жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу, конкурстық құжаттаманы бекіту, конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссия хатшысын бекіту туралы» 26.07.2019 жылғы №49-н/қ бұйрығына келесідей өзгеріс енгізілсін:

1) Шымкент қаласы әкімінің ауысуына байланысты конкурстық комиссия төрағасы Айтаханов Ерлан Қуанышұлы болып өзгертілсін (*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 64 тармағына сай,*

00000094

Республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға бөлінген сомасы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір миллион алты жүз мың еселенген мөлшерінен ***(4 040 000 000 теңге)*** *асатын болса конкурстық комиссияның төрағасы болып айқындалады*);

2) Конкурстық комиссия мүшесі Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы Тұрсын Қанат Қайратұлының орнына Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Садыр Ербол Әбілхайырұлына өзгертілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а. **Б.Сансызбайұлы**